

"Іле ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 3-145 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 3 ақпандағы № 14 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2025 жылғы 6 ақпанда № 6209-05 болып тіркелді

Іле ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің "Іле ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" 2015 жылғы 13 наурыздағы № 3-145 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3118 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Іле ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Іле ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Іле ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К. Жаксымбетов

Іле ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 3
ақпандағы № 14 қаулысына қосымша

Іле ауданында сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде кандидаттарға берілетін үй-жайлар

1. Өтеген батыр ауылдық округі бойынша:

1) Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі № 16, № 7 орта мектептің акті залы.

2) Өтеген батыр ауылы, Әжімұратов көшесі № 12, № 13 орта мектептің акті залы.

3) Қарасу ауылы, Рысқұлбеков көшесі № 38, № 24 лицейдің акті залы.

2. Байсерке ауылдық округі бойынша:

- 1) Байсерке ауылы, Бейбітшілік көшесі, № 14 б, № 28 гимназияның акті залы.
- 2) Али ауылы, Бұқар жырау көшесі № 2, № 22 орта мектептің акті залы.
3. Қараой ауылдық округі бойынша:
 - 1) Қараой ауылы, Бейбітшілік көшесі № 9, ауылдық мәдениет үйі.
 - 2) Қосөзен ауылы, Абай көшесі № 1, № 14 орта мектептің акті залы.
 - 3) Нұрғиса Тілендиев ауылы, Алматы көшесі № 32, № 26 орта мектептің акті залы.
4. Байкент ауылдық округі бойынша:
 - 1) Байкент ауылы, "3-ықшам аудан", № 13, аудандық мәдениет үйі.
5. Ақсай ауылдық округі бойынша:
 - 1) Ақсай ауылы, Достық көшесі № 10, ауылдық мәдениет үйі.
 - 2) Екпінді ауылы, Қобыланды батыр көшесі № 45, Т. Айбергенов атындағы № 48 орта мектептің акті залы.
 - 3) Жауғашты ауылы, Абай көшесі № 3, № 27 орта мектептің акті залы.
6. А.Токпанов ауылдық округі бойынша:
 - 1) А.Токпанов ауылы, Б.Сейдалиев көшесі № 117, № 42 орта мектептің акті залы.
 - 2) Жайнақ ауылы, Школьная көшесі № 4, № 31 орта мектептің акті залы.
7. Ашыбұлақ ауылдық округі бойынша:
 - 1) Мұхаметжан Түймебаев ауылы, Молдағұлов көшесі № 14, № 19 орта мектептің акті залы.
 - 2) Жапек батыр ауылы, Қ.Алтаев көшесі № 138 А, №36 орта мектептің акті залы.
 - 3) Көкқайнар ауылы, Байтерек көшесі № 97А, № 44 орта мектептің акті залы.
 - 4) Төле би ауылы, А.Қарсақбаев көшесі № 16А, № 37 орта мектептің акті залы.
8. Күрті ауылдық округі бойынша:
 - 1). Ақши ауылы, Д. Қонаев көшесі № 31, ауылдық мәдениет үйі.
9. Боралдай кенті бойынша:
 - 1) Боралдай кенті, Бостанов көшесі № 1, № 17 орта мектептің акті залы
 - 2) Боралдай кенті, Аэродромная көшесі № 4 Г, № 23 орта мектептің акті залы.
 - 3) Боралдай кенті, Байзаков көшесі № 59, № 40 орта мектептің акті залы.